



Аударып, құрастырған:
Асқар Болатбекұлы

100 ХАДИС



Алматы, 2010





УДК 28
ББК 86.38
Ж 80



Аударып, құрастырған:
Асқар Болатбекұлы

*Ж 80 100 хадис. – Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы,
2010. – 104 бет.*

ISBN 978-601-7271-15-2

Еңбекте адамзаттың асылы, Аллаһтың сүйікті ел-шісі Мұхаммед Мұстафа пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ең таңдаулы 100 хадисі іріктелген. Руханияттың тереңіне тартатын мағынасы зор, тәлімі мол бұл хадистер иман байлығын жоғары қойған барша оқырман қауымға арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7271-15-2


© «Көкжиек-Б» баспасы, 2010





МАЗМҰНЫ

Шынайы ықылас пен ниеттің маңыздылығы.....	4
Жомарттық.....	7
Сабырлылық.....	17
Шынышылдық.....	24
Тақуалық.....	26
Тәкаппарлық.....	29
Тәубе.....	32
Аллаһ тағала – бәрін көріп, бақылаушы.....	38
Аллаһқа тәуекел етудің маңыздылығы.....	42
Ізгі амалдар жасауға асығу.....	44
Аз да болса жақсылық жасаудың сауаптылығы.....	51
Бір іске себепші болу – соны жасағанмен тең.....	55
Жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю.....	57
Пайғамбар жолы – орта жол.....	59
Мұсылман – мұсылманның бауыры.....	63
Қиянат пен зұлымдықтың зардабы.....	68
Әлсіздің жоқтаушысы – бір Аллаһ.....	72
Үлкенге құрмет.....	74
Ерлі-зайыптылар жауапкершілігі.....	76
Көріш ақысы және туыстық қарым-қатынас.....	80
Достық пен өзара сүйіспеншілік.....	83
Аллаһтың мейірімі ашуынан басым.....	86
Өмірдің есебін Аллаһтың Өзі алады.....	88
Дүниенің фәнилігі.....	90
Өзгеден тіленбей барға қанағат ету.....	95
Ғылым жолы – жаннат жолы.....	102





ШЫНАЙЫ ЫҚЫЛАС ПЕН НИЕТТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ




«إِنَّ اللَّهَ لَا يَنْظُرُ إِلَى أَجْسَامِكُمْ وَلَا إِلَى صُورِكُمْ وَلَكِنْ
يَنْظُرُ إِلَى قُلُوبِكُمْ وَأَعْمَالِكُمْ»

*Шын мәнінде, Аллаһ тағала сендердің сыртқы
дене-бітімдеріңе не түр-тұрпаттарыңа емес,
жүректерің мен амалдарыңа қарайды*.*

(Муслим)

* Яғни, соған қарап сауапқа бөлейді.






«فَمَنْ هَمَّ بِحَسَنَةٍ فَلَمْ يَعْمَلْهَا كَتَبَهَا اللَّهُ تَبَارَكَ وَتَعَالَى عِنْدَهُ
حَسَنَةً كَامِلَةً وَإِنْ هَمَّ بِهَا فَعَمِلَهَا كَتَبَهَا اللَّهُ عَشْرَ حَسَنَاتٍ
إِلَى سَبْعِ مِائَةٍ ضِعْفٍ إِلَى أَضْعَافٍ كَثِيرَةٍ»

Кімде-кім жақсылық жасауға ниеттеніп бірақ жасамаса, Хақ тағала оны толық жасалған бір жақсылық есебінде жазады. Егер де жақсылық жасауды ұйғарып, әрі оны жүзеге асырса, Аллаһ тағала сол бір ғана жақсылығы үшін он сауаптан бастап, жеті жүз есеге дейін, тіпті, одан да еселеп сауап жазады.

(Бухари, Муслим)






«مَنْ هَمَّ بِسَيِّئَةٍ فَلَمْ يَعْمَلْهَا كَتَبَهَا اللَّهُ عِنْدَهُ حَسَنَةً
كَامِلَةً وَإِنْ هَمَّ بِهَا فَعَمِلَهَا كَتَبَهَا اللَّهُ سَيِّئَةً وَاحِدَةً»

Кімде-кім қандай да бір жамандық жасауға ниеттеніп, алайда оны жасамаса, Аллаһ оны Өз құзырында толық жасалған бір жақсылық деп жазады. Ал егер ол ниет етіп ұйғарған жамандығын жасайтын болса, Аллаһ тағала сол жамандықты ғана жазады.*

(Бухари, Муслим)

* Яғни, одан Аллаһ үшін бас тартса.






ЖОМАРТТЫҚ



«مَا مِنْ يَوْمٍ يُصْبِحُ الْعِبَادُ فِيهِ إِلَّا مَلَكَانِ يَنْزِلَانِ، فَيَقُولُ أَحَدُهُمَا: اللَّهُمَّ أَعْطِ مُنْفِقًا خَلَفًا، وَيَقُولُ الْآخَرُ: اللَّهُمَّ أَعْطِ مُمْسِكًا تَلَفًا»

Әрбір таң арайлап атып, Аллаһтың құлдары ұйқыларынан оянып жатқанда, көктен екі періште түседі. Бірі: “Уа, Аллаһ тағалам! Дүние-мүлкін игі жолға жұмсағанның дүниесінің орнын толтыра ғар” – десе, екіншісі: “Уа, Аллаһ тағалам! Жиган-тергенін жұмсамай, тығып отырған сараңды шығынға ұшырат” – деп дұға жасайды.

(Бухари; Муслим)






«الْيَدُ الْعُلْيَا خَيْرٌ مِنَ الْيَدِ السُّفْلَى وَابْدَأْ بِمَنْ تَعُولُ وَخَيْرُ
الصَّدَقَةِ مَا كَانَ عَنْ ظَهْرِ غِنًى وَمَنْ يَسْتَغْفِرْ يُعَفِّهِ اللَّهُ وَمَنْ
يَسْتَغْنِ يُغْنِهِ اللَّهُ»

*Жоғарғы (береген) қол төменгі (алаған) қолдан
әлдеқайда қайырлы. Беретініңді алдымен
өзің бағып-қағуға міндетті жандарға бер.
Садақаның қайырлысы – артылған дүниеден
берген садақа. Кімде-кім харамнан тыйылып
арын таза ұстауға тырысса, Аллаһ оны арлы
қылады*. Ал, кімде-кім қолда барға қанағат
қылып, ешкімнен тіленбесе, Аллаһ оны көңілі
тоқ қанағатшыл етеді.*

(Бухари)

* Яғни, харамнан сақтайды.






«لَا حَسَدَ إِلَّا فِي اثْنَتَيْنِ: رَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ مَالًا فَلَسَّطَهُ عَلَى
هَلَكَتِهِ فِي الْحَقِّ، وَرَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ حِكْمَةً فَهُوَ يَقْضِي بِهَا
وَيُعَلِّمُهَا»

Екі түрлі адамға ғана қызғанышпен қарауға болады: Аллаһтың берген байлығын түгесілгенше Хақ жолында жұмсаған атымтай жомартқа және Аллаһтың бойына дарытқан даналығымен (адамдар арасында туындаған дауларды оңтайлы шешуде) билік айтып, әрі өзгелерге даналық тәлім үйреткен данышпанға.

(Бухари; Муслим)





«قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: أَنْفِقْ يَا ابْنَ آدَمَ يُنْفِقْ عَلَيْكَ»

Аллаһ тағала: “Ей, Адам баласы! Дүние-мүлкіңді игі жолда жұмсағын. Сонда саған да молынан берілетін болады*” – деп айтты.

(Бухари; Муслим)

* Яғни, ризық-несібең артып, игілікке жұмсаған дүниенің міндетті түрде орны толады.






«يَا ابْنَ آدَمَ إِنَّكَ إِذَا تَبَذَّلَ الْفَضْلَ خَيْرٌ لَّكَ وَإِنْ تُمْسِكْهُ شَرٌّ
لَّكَ، وَلَا تُلَامُ عَلَى كِفَافٍ، وَأَبْدَأُ بِمَنْ تَعُولُ، وَالْيَدُ الْعُلْيَا
خَيْرٌ مِنَ الْيَدِ السُّفْلَى»

Уа, Адам баласы! Егер өзіңнен артылған дүниеңді садақа ретінде берсең, сол сен үшін сөзсіз қайырлы болмақ. Ал, сараңдық қылсаң, сол дүниең түбінде өзіңе сор болып жабысады. Өзіңе жететін дүние-мүлікке ие болғаның үшін саған айып тағылмайды. Қолыңдағы дүние-мүлкіңді алдымен өзің асырап отырған жандардың қажетіне жұмсағын.

(Муслим)






«مَا نَقَصَتْ صَدَقَةٌ مِنْ مَالٍ، وَمَا زَادَ اللَّهُ عَبْدًا بِعَفْوٍ إِلَّا عِزًّا،
وَمَا تَوَاضَعَ أَحَدٌ لِلَّهِ إِلَّا رَفَعَهُ اللَّهُ»

Садақа бергеннен адамның дәулеті еш уақытта ортаймаған. Аллаһ тағала өзгелерге кешіріммен қараған құлының мерейін үстем қылады. Сондай-ақ, Аллаһ үшін кішіпейіл болған әрбір адамның дәрежесін өсіреді.

(Муслим)






«مَنْ تَصَدَّقَ بِعَدْلِ تَمْرَةٍ مِنْ كَسْبٍ طَيِّبٍ، وَلَا يَقْبَلُ اللَّهُ إِلَّا
الطَّيِّبَ فَإِنَّ اللَّهَ يَقْبَلُهَا بِيَمِينِهِ ثُمَّ يُرَبِّیْهَا لِصَاحِبِهَا كَمَا يُرَبِّیْ
أَحَدَكُمْ فَلَوْهُ حَتَّى تَكُونَ مِثْلَ الْجَبَلِ»

Расында Аллаһ тағала адал садақаны гана қабыл алады. Кімде-кім адал табысынан бір гана құрманың бағасындай мөлшерде садақа берсе, Аллаһ тағала ол садақаны оң қолымен қабыл алады. Содан соң, қайсыбіріңнің мініс тайын баптап өсіргені секілді, Аллаһ тағала да, адал садақаның берекесін арттырып, берген адам үшін таудай сауапқа айналдырады.*

(Бухари; Муслим)

* Яғни, міндетті түрде қабыл алады.






«الصَّدَقَةُ تُطْفِئُ الْخَطِيئَةَ كَمَا يُطْفِئُ الْمَاءُ النَّارَ»

*Су отты қалай сөндірсе, садақа да дәл солай
күнәларды жояды.*

(Тирмизи, Ибн Мәжә)






«حَصِّنُوا أَمْوَالَكُمْ بِالزَّكَاةِ وَدَاوُوا مَرْضَاكُمْ بِالصَّدَقَةِ
وَأَعِدُّوا لِلْبَلَاءِ الدُّعَاءَ»

Зекет беру арқылы дүние-мүліктеріңді қорғаңдар. Садақа беру арқылы (кеселдің бетін қайтарып) науқастарыңды емдеңдер. Сондай-ақ, бәле-жаладан дін аман болу үшін әрдайым Аллаһқа жалбарынып дұға жасаңдар.

(Табарани)






«لَا تُوكِي فُيُوكِيَ اللَّهُ عَلَيْكَ»

Торсығыңның аузын буып, дүниеңді тығып ұстама. Әйтпесе, Аллаһ тағала да саған берер ризығын байлап тастайды.*

(Бухари; Муслим)

* Тоқтатып қояды.






САБЫРЛЫЛЫҚ



«إِنَّمَا الصَّبْرُ عِنْدَ الصَّدْمَةِ الْأُولَى»

*Шынайы сабыр – соққының алғашқы
тиген сәтіндегі сабыр.*

(Бухари; Муслим)






« وَالصَّلَاةُ نُورٌ وَالصَّدَقَةُ بُرْهَانٌ وَالصَّبْرُ ضِيَاءٌ وَالْقُرْآنُ
حُجَّةٌ لَكَ أَوْ عَلَيْكَ »

Намаз – (ақиқатқа барар жолды шуаққа бөлейтін) нұр, садақа – (иманның шынайылығын көрсететін) айқын дәлел, сабырлылық болса, (адамның өмірлік жолын жарқын ететін) шуақ. Құран – (Оған бойсұнып, бойсұнбауға байланысты) саған жақ немесе саған қарсы бұлтартпас айғақ.

(Муслим)






«مَنْ يَسْتَغْفِرْ لِعَفْوِ اللَّهِ وَمَنْ يَسْتَغْنِ يُغْنِهِ اللَّهُ، وَمَنْ يَتَصَبَّرْ
يُصْبِرْهُ اللَّهُ، وَمَا أُعْطِيَ أَحَدٌ عَطَاءً خَيْرًا وَأَوْسَعَ مِنَ الصَّبْرِ»

Кімде-кім харамнан тыйылып арын таза ұстауға тырысса, Аллаһ оны арлы қылады. Ал, кімде-кім қолда барға қанағат қылып, ешкімнен тіленбесе, Аллаһ оны көңілі тоқ қанағатшыл етеді. Сондай-ақ, кімде-кім сабырлы болуға тырысса, Аллаһ оған терең сабыр береді. Ешбір жанға сабырлылықтан үлкен әрі қайырлы сый бұйырмаған.*

(Бухари; Муслим)

* Яғни, харамнан сақтайды.






«عَجَبًا لِأَمْرِ الْمُؤْمِنِ إِنَّ أَمْرَهُ كُلَّهُ لَهُ خَيْرٌ، وَلَيْسَ ذَلِكَ لِأَحَدٍ إِلَّا لِلْمُؤْمِنِ: إِنْ أَصَابَتْهُ سَرَاءٌ شَكَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ وَإِنْ أَصَابَتْهُ ضَرَاءٌ صَبَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ»

Мүміннің жағдайы қандай ғажап! Шын мәнінде оның әрбір жай-күйі өзі үшін қайырлы болмақ, бұл – одан өзгеге бұйырмаған бақыт. Ол қандай да бір қуанышқа бөленсе, бірден шүкір етеді. Мұнысы өзі үшін қайырлы болады. Ал басына бір қиындық келсе, сабырлылық танытады. Түбінде мұнысы да, өзі үшін қайырлы болады.

(Муслим)






«مَا يُصِيبُ الْمُسْلِمَ مِنْ نَصَبٍ وَلَا وَصَبٍ وَلَا هَمٍّ وَلَا
حُزْنٍ وَلَا أَذًى وَلَا غَمٍّ حَتَّى الشُّوْكَةِ يُشَاكُهَا إِلَّا كَفَّرَ
اللَّهُ بِهَا مِنْ خَطَايَاهُ»

Аллаһ тағала мұсылман құлының басына келетін шаршап-шалдығу, ұзаққа созылған ауру-сырқау, уайым, құса-мұң, күйініш және қайғы-қасірет секілді қандай да бір ауыртпалық үшін, тіпті қолына немесе аяғына кірген кішкене тікен үшін де күнәларын жарылқап кешіреді.

(Бухари; Муслим)






«إِذَا أَرَادَ اللَّهُ بِعَبْدِهِ خَيْرًا عَجَّلَ لَهُ الْعُقُوبَةَ فِي الدُّنْيَا،
وَإِذَا أَرَادَ اللَّهُ بِعَبْدِهِ الشَّرَّ أَمْسَكَ عَنْهُ بِذَنْبِهِ حَتَّى يُؤَافِيَ
بِهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ»

*Егер Аллаһ тағала құлына жақсылық қаласа,
күнәларының жазасын дереу осы дүниеде
береді. Ал егер құлына жамандық қаласа,
күнәларының жазасын қиямет күні толықтай
тартқызу үшін кейінге қалдырады.*

(Тирмизи)






«لَيْسَ الشَّدِيدُ بِالصُّرْعَةِ إِنَّمَا الشَّدِيدُ الَّذِي يَمْلِكُ
نَفْسَهُ عِنْدَ الْغَضَبِ»

*Нағыз күшті — жауырыны жерге тимеген
қарсыласын күресіп жыққан емес, тұла-бойын
ашу-ыза кернегенде, өз-өзін сабырға шақыра
білген адам.*

(Бухари; Муслим)






ШЫНШЫЛДЫҚ



«دَعْ مَا يَرِيْبُكَ إِلَى مَا لَا يَرِيْبُكَ، فَإِنَّ الصِّدْقَ
طُمَأْنِينَةٌ، وَالْكَذِبُ رِيْبَةٌ»

*Күмәнді нәрседен бойыңды аулақ салып,
күмәнсіз болғанын таңдағын. Расында шындық
— жан тыныштығына бөлейді. Ал өтірік —
көңілге күмән ұялатады.*

(Тирмизи)






«إِنَّ الصِّدْقَ يَهْدِي إِلَى الْبِرِّ وَإِنَّ الْبِرَّ يَهْدِي إِلَى الْجَنَّةِ، وَإِنَّ
الرَّجُلَ لَيَصْدُقُ حَتَّى يُكْتَبَ عِنْدَ اللَّهِ صِدِّيقًا، وَإِنَّ الْكَذِبَ
يَهْدِي إِلَى الْفُجُورِ وَإِنَّ الْفُجُورَ يَهْدِي إِلَى النَّارِ، وَإِنَّ
الرَّجُلَ لَيَكْذِبُ حَتَّى يُكْتَبَ عِنْدَ اللَّهِ كَذَّابًا»

Расында шыншылдық ізгілікке, ал ізгілік жұмаққа жетелейді. Кісі әрдайым шыншыл болып, оны өмірлік ұстанымы қылса, Аллаһтың құзырында шыншыл деп жазылады. Шын мәнінде, суайттық азғындыққа, ал азғындық тозаққа жетелейді. Кісі үнемі жалған сөйлеп, өтірік айтуға әуестенсе, соңында, Аллаһтың құзырында өтірікші кәззап деп жазылады.

(Бухари; Муслим)






ТАҚУАЛЫҚ



«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْهُدَى وَالتُّقَى وَالْعَفَافَ وَالْغِنَى»

*Уа, Аллаһ тағалам! Бір Өзіңнен тура жол,
шынайы тақуалық, арлы да ынсапты болуды
және көңіл байлығын сұраймын.*

(Муслим)






«اتَّقُوا اللَّهَ وَصَلُّوا خَمْسَكُمْ وَصُومُوا شَهْرَكُمْ وَأَدُّوا زَكَاةَ
أَمْوَالِكُمْ وَأَطِيعُوا أَمْرَاءَكُمْ تَدْخُلُوا جَنَّةَ رَبِّكُمْ»

*Аллаһтан қорқыңдар, еш уақытта тақуалық
шеңберінен шықпаңдар! Бес уақыт намазды
оқып, Рамазан айында ораза ұстаңдар! Дүние-
мүліктеріңнің зекетін беріңдер! Басшыларыңа
бойсұныңдар! Осы айтылғандарды бұлжыт-
пай орындайтын болсаңдар, сөзсіз Раббы-
ларыңның жаннатына кіресіңдер.*

(Тирмизи)






«لَا يَلِجُ النَّارَ رَجُلٌ بَكَى مِنْ خَشْيَةِ اللَّهِ حَتَّى يُعَوَّدَ اللَّبَنُ فِي
الضَّرْعِ وَلَا يَجْتَمِعُ غُبَارٌ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَدُخَانُ جَهَنَّمَ»

Сауылған сүттің желінге қайта кірмейтіні секілді, Аллаһтан қорқып көз жасын көл қылған адамның да тозаққа кіруі мүмкін емес. Сондай-ақ, Аллаһтың жолында жүргенде көтерілген шаң мен Тозақтың түтіні еш уақытта бірікпек емес.

(Тирмизи)






ТӘКАППАРЛЫҚ



«لَا يَدْخُلُ الْجَنَّةَ مَنْ كَانَ فِي قَلْبِهِ مِثْقَالُ ذَرَّةٍ مِنْ كِبَرٍ»

*Жүрегінде шаңның тозаңындай тәкаппарлық
болған адам жаннатқа кіре алмайды.*

(Муслим)





«إِنَّ اللَّهَ جَمِيلٌ يُحِبُّ الْجَمَالَ، الْكِبْرُ بَطَرُ الْحَقِّ
وَعَمَطُ النَّاسِ»

Шынында Аллаһ тағала Жәмиил, әрі көркемдікті жақсы көреді. Ал тәкаппарлық – ақиқатты мойындамау мен өзгелерге мұрнын шүйіріп қарау.*

(Муслим)

* Өзі де, ісі де, аса көркем және барлық әсемдіктің жалғыз жаратушысы.






«ثَلَاثَةٌ لَا يُكَلِّمُهُمُ اللَّهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَلَا يُزَكِّيهِمْ وَلَا يَنْظُرُ
إِلَيْهِمْ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ: شَيْخٌ زَانٍ وَمَلِكٌ كَذَّابٌ وَعَائِلٌ
مُسْتَكْبِرٌ»

Қиямет күні Аллаһ тағала үш түрлі адам-
мен мүлдем тілдеспейді. Оларды күнәларынан
тазартпайды және оларға мейіріммен
қарамайды. Сондықтан да, олар өте ауыр
азапқа душар болады. Олар: Зинақор шал,
кәззәп патша және тәкаппар кедей.

(Муслим)





ТӘУБЕ



«يَا أَيُّهَا النَّاسُ تَوْبُوا إِلَى اللَّهِ وَاسْتَغْفِرُوا لَهُ فَإِنِّي أَتُوبُ فِي
الْيَوْمِ مِائَةَ مَرَّةٍ»

Уа, адамдар! Аллаһқа тәубе етіп, жарылқау тілеңдер. Расында, мен-дағы күніне жүз рет тәубе етемін.*

(Муслим)

* Тәубе ету – адамның жасаған күнәсі немесе қателігі үшін өкініш білдіре отырып, Ұлы Жаратушыдан кешірім сұрауы. Бұл хадистегі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Аллаһтан жарылқау тілеп тәубе етуі, біздің тәубе қылғанымыздай емес. Өйткені Ол (с.ғ.с.) күнә атаулыдан пәк. Оның (с.ғ.с.) күніне сан рет тәубе етіп жарылқау тілеуінің басты себебі, өзінің құлшылығын азсынуы, әрі соңынан ерген үмбетіне үлгі-өнеге болуында жатыр.






«اللَّهُ أَفْرَحُ بِتَوْبَةِ عَبْدِهِ مِنْ أَحَدِكُمْ سَقَطَ عَلَى بَعِيرِهِ وَقَدْ
أَضَلَّهُ فِي أَرْضٍ فَلَاةٍ»

*Құлы тәубеге келген сәттегі Аллаһ тағала-
ның қуанышы, қайсыбіреулеріңнің шөл далада
жоғалтып алған түйесін ойламаған жерде
кезіктірген сәттегі қуанышынан әлдеқайда
күшті.*

(Бухари, Муслим)






«إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى يَبْسُطُ يَدَهُ بِاللَّيْلِ لِيُتُوبَ مُسِيءُ النَّهَارِ وَيَبْسُطُ
يَدَهُ بِالنَّهَارِ لِيُتُوبَ مُسِيءُ اللَّيْلِ حَتَّى تَطْلُعَ الشَّمْسُ مِنْ
مَغْرِبِهَا»

Аллаһ тағала күндіз күнә жасаған құлы тәубе етсін деп, түнде кешірім қолын ашады. Сондай-ақ, түнде күнә жасаған құлы тәубе етсін деп, күндіз кешірім қолын ашады. Осылайша (Аллаһ тағаланың тәубе етуші құдарын жарылқауы) күн батыстан шыққанға* дейін жалғасады.

(Муслим)

* Яғни, қиямет-қайымға дейін.






«مَنْ تَابَ قَبْلَ أَنْ تَطْلُعَ الشَّمْسُ مِنْ مَغْرِبِهَا
تَابَ اللَّهُ عَلَيْهِ»

Кімде-кім күн батыстан шыққанға дейін
тәубесіне келетін болса, Аллаһ тағала оның
тәубесін қабыл етеді.*

(Муслим)

* Яғни, қиямет-қайым орнағанға дейін.






«إِنَّ اللَّهَ يَقْبَلُ تَوْبَةَ الْعَبْدِ مَا لَمْ يُغْرِغْ»

Расында Аллаһ тағала, құлының (дәм-тұзы таусылып) шыбын жаны алқымына келіп тірелмейінше жасаған тәубесін қабыл етеді.

(Тирмизи)






«لَوْ أَنَّ لِبْنِ آدَمَ وَادِيًا مِنْ ذَهَبٍ أَحَبَّ أَنْ يَكُونَ لَهُ وَادِيَانِ،
وَلَنْ يَمْلَأَ فَاهُ إِلَّا التُّرَابُ وَيَتُوبُ اللَّهُ عَلَى مَنْ تَابَ»

Адам баласы бір сай толы алтыны болса да, оны азырқанып, тағы да дәл сондай бір сай толы алтыны болғанын қалайды. Оның көзі (көрге кіргенде) бір уыс топыраққа ғана тояды. Аллаһ тағала (ашкөздік, сараңдық сынды жағымсыз қылықтардан арылып) тәубеге келген құлын жарылқап, кешіреді.

(Бухари, Муслим)






АЛЛАҒ ТАҒАЛА – БӘРІН КӨРІП, БАҚЫЛАУШЫ



«اتَّقِ اللَّهَ حَيْثُمَا كُنْتَ وَأَتَّبِعِ السَّبِيلَ الْحَسَنَةَ تَمَحُّهَا،
وَوَخَالِقِ النَّاسَ بِخُلُقٍ حَسَنٍ»

Қай жерде болсаң да Аллаһтан қорқып,
бұйрықтарын орындап тыйымдарынан сақ-
тан! Әрбір күнәның артынан, дереу оны
жуып-шайтын жақсылық жаса! Адамдармен
қарым-қатынаста көркем мінезді бол!

(Тирмизи)






«إِحْفَظِ اللَّهَ يَحْفَظْكَ إِحْفَظِ اللَّهَ تَجِدْهُ تُجَاهَكَ، إِذَا سَأَلْتَ
فَأَسْأَلِ اللَّهَ، وَإِذَا اسْتَعَنْتَ فَاسْتَعِنْ بِاللَّهِ، وَاعْلَمْ أَنَّ الْأُمَّةَ
لَوْ اجْتَمَعَتْ عَلَى أَنْ يَنْفَعُوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَنْفَعُوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ
قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ لَكَ، وَإِنْ اجْتَمَعُوا عَلَى أَنْ يَضُرُّوكَ بِشَيْءٍ
لَمْ يَضُرُّوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ عَلَيْكَ، رُفِعَتِ الْأَقْلَامُ
وَجَفَّتِ الصُّحُفُ»

Аллаһтың хақысын сақтағын. Сонда Аллаһ тағала да сені сақтайды. Еш уақытта Аллаһты жадыңнан шығарма. Сонда Ол да (қиын сәттерде) қасыңда болады. Қалауың болса, тек Аллаһтан тіле. Жәрдем керек болса, оны да жалғыз Аллаһтан сұрағын. Біліп қой; бүкіл адамзат жиналып, сен үшін қандай да бір пайда келтірмек болса, Аллаһтың маңдайыңа жазғанынан артық пайда келтіре алмайды. Сондай-ақ, күллі адамзат баласы жиналып, саған қандай да бір зиян тигіземіз десе, Аллаһтың жазғанынан артық зәредей де зиян тигізе алмайды. Өйткені (адамның тағдырын жазатын) қаламдар әлдеқашан тоқтап, парақтар (сиясы) да кеуіп қалған.

(Тирмизи)






«الْكَيْسُ مَنْ دَانَ نَفْسَهُ وَعَمِلَ لِمَا بَعْدَ الْمَوْتِ، وَالْعَاجِزُ
مَنْ أَتْبَعَ نَفْسَهُ هَوَاهَا وَتَمَنَّى عَلَى اللَّهِ الْأَمَانِيَّ»

Нағыз ақылды – әрдайым өз-өзін есепке тарта отырып, ізгі амалдар жасап, өлімнен кейінгі өмірге қамданған адам. Ал, нағыз бейшара – тойымсыз нәпсінің қалауына ерік беріп, соған қарамастан (о дүниеде ізгілермен бірге болармын деп) Аллаһтың мейірімінен үміт еткен адам.

(Тирмизи)





«مِنْ حُسْنِ إِسْلَامِ الْمَرْءِ تَرْكُهُ مَا لَا يَعْنِيهِ»

Мұсылманның діндегі кемелдігінің белгісі —
өзіне қатысы жоқ нәрселерден бойын аулақ
ұстауы*.

(Тирмизи)

* Яғни, кәміл мұсылман — өзіне қатысы жоқ барлық іс-әрекеттерден (ой, сезім, сөз) бойын аулақ салған адам.






АЛЛАҢҚА ТӘУЕКЕЛ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



«لَوْ أَنَّكُمْ تَتَوَكَّلُونَ عَلَى اللَّهِ حَقَّ تَوَكُّلِهِ لَرَزَقَكُمْ كَمَا يَرْزُقُ
الطَّيْرَ، تَغْدُو خِمَاصًا وَتَرُوحُ بِطَانًا»

*Егер Аллаһқа шынайы түрде тәуекел ете
білсеңдер, Хақ тағала сендерді таңертең
ұясынан аш құрсақ ұшып шығып, кешке жемса-
уы толып оралған құстарды ризықтандырғаны
секілді ризықтандырар еді.*

(Тирмизи)





«إِذَا أَوَيْتَ إِلَى فِرَاشِكَ فَقُلِ اللَّهُمَّ أَسْلَمْتُ نَفْسِي إِلَيْكَ
وَوَجَّهْتُ وَجْهِي إِلَيْكَ وَفَوَّضْتُ أَمْرِي إِلَيْكَ وَأَلْجَأْتُ
ظَهْرِي إِلَيْكَ رَغْبَةً وَرَهْبَةً إِلَيْكَ لَا مَلْجَأَ وَلَا مَنَاجِي
مِنْكَ إِلَّا إِلَيْكَ أَمَنْتُ بِكِتَابِكَ الَّذِي أَنْزَلْتَ وَبِنَبِيِّكَ الَّذِي
أَرْسَلْتَ، فَإِنَّكَ إِنْ مِتَّ مِنْ لَيْلَتِكَ مِتَّ عَلَى الْفِطْرَةِ، وَإِنْ
أَصْبَحْتَ أَصَبْتَ خَيْرًا»

Жатар алдында: “Уа, Аллаһ тағалам! Шек-сіз мейіріміңді қалап, қаһарыңнан қорқып өзімді бір Өзіңе бағыштадым. Жүзімді Саған бұрып, күллі ісімді Саған тапсырып, бір Өзіңе арқа сүйедім. Өзіңнен басқа, қамқор да, пана да жоқ. Түсірген Кітабыңа және жіберген пайғамбарыңа иман келтірдім” – деп дұға жасағын. Егер осы дұғаны оқып жатқан түні кенеттен о дүниеге аттансаң, әу бастағы пәк табиғатыңа сай иманды болып өтесің. Ал егер аман-есен таңға жетсең, жақсылыққа кенелесің.

(Бухари; Муслим)





ІЗГІ АМАЛДАР ЖАСАУҒА АСЫҒУ




«بَادِرُوا بِالْأَعْمَالِ الصَّالِحَةِ، فَسَتَكُونُ فِتْنٌ كَقَطْعِ اللَّيْلِ الْمُظْلِمِ
يُصْبِحُ الرَّجُلُ مُؤْمِنًا وَيُمْسِي كَافِرًا، وَيُمْسِي مُؤْمِنًا وَيُصْبِحُ
كَافِرًا، يَبِيعُ دِينَهُ بِعَرَضٍ مِنَ الدُّنْيَا»

Ізгі һәм сауапты іс жасауға асығыңдар. Өйткені жақын келешекте жер бетінде тастай қараңғы түн секілді көптеген бүліктер белең алады. Сол кезде адам таңертең мүмін болса, кешке қарай кәпір*, кешке кәпір, таңертең мүмін болып тұрақсыз күй кешеді. Ойланбастан дүниелік нәрсеге бола дінін са-
тады.

(Муслим)

* Бұл хадистегі кәпір сөзі – діннен безген шынайы кәпір немесе Аллаһтың берген нығметтеріне алғыс айтпайтын арсыз мағынасында.






«بَادِرُوا بِالْأَعْمَالِ سَبْعًا، هَلْ تَنْتَظِرُونَ إِلَّا فَقْرًا مُنْسِيًا،
أَوْ غِنًى مُطْعِيًا، أَوْ مَرَضًا مُفْسِدًا، أَوْ هَرَمًا مُفْنِدًا أَوْ مَوْتًا
مُجْهِزًا أَوْ الدَّجَالَ فَشَرٌّ غَائِبٌ يُنْتَظَرُ، أَوِ السَّاعَةَ فَالسَّاعَةُ
أَذْهَى وَأَمَرُ»

Жеті түрлі бәле бастарыңа келмей тұрып
ізгі амал жасауға асығыңдар! Әлде сендер ес-
тен тандырар пақырлықты, азғындыққа бас-
тайтын байлықты, берекені қашырар ауру-
сырқауды, алжытатын кәрілікті, аяқастынан
алқымыңнан алатын ажалды, ғайыптан
келетіндердің ең жаманы Тажалды не бол-
маса Қиямет күнінің келуін күтудесіңдер ме?
Расында, осылардың ең қорқынышты да, тым
ащы болғаны қиямет күні.

(Тирмизи)






قِيلَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَيُّ الصَّدَقَةِ أَعْظَمُ أَجْرًا؟ قَالَ: «أَنْ
تَصَدَّقَ وَأَنْتَ صَحِيحٌ شَحِيحٌ تَخْشَى الْفَقْرَ وَتَأْمُلُ الْغِنَى،
وَلَا تُمَهِّلُ حَتَّى إِذَا بَلَغَتِ الْحُلُقُومَ قُلْتَ لِفُلَانٍ كَذَا وَلِفُلَانٍ
كَذَا، وَقَدْ كَانَ لِفُلَانٍ»

Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бір сахаба: “Уа, Аллаһтың елшісі! Қандай садақаның сауабы көп?”, – деп сұрағанда. Ол (с.ғ.с.): “Денсаулығың мықты кезіңде, әрі бойыңды сараңдық билеп, байыған үстіне баюды көздегеніңде берген садақаның сауабы мол болады. Ал зекет пен садақаны жан алқымға келіп, “мынанишасын пәленшеге берем, мынанишасы да түгеншенікі” дейтін өлім аузындағы сәтке дейін кешіктіруші болма. Өйткені өлген соң, жиган-терген дүниең онсыз да түгеншенікі болады” – деген еді.

(Бухари; Муслим)






قَالَ اللهُ تَعَالَى: «إِذَا تَقَرَّبَ الْعَبْدُ إِلَيَّ شِبْرًا تَقَرَّبْتُ
إِلَيْهِ ذِرَاعًا، وَإِذَا تَقَرَّبَ إِلَيَّ ذِرَاعًا تَقَرَّبْتُ مِنْهُ بَاعًا،
وَإِذَا أَتَانِي يَمْشِي أَتَيْتُهُ هَرَوَلَةً»

Аллаһ тағала: “Егер құлым Маған бір сүйем жақындаса*, мен оған бір шынтақ бойы жақындаймын. Егер ол бір шынтақ бойы жақындаса, Мен оған бір құлаш жақындай түсемін. Маған жүріп келсе, Мен оған жүгіріп келемін” – деп айтты.

(Бухари)

* Аллаһ тағалаға жақындау сауатты істер болмақ.






«نِعْمَتَانِ مَغْبُونٌ فِيهِمَا كَثِيرٌ مِنَ النَّاسِ: الصِّحَّةُ وَالْفَرَاغُ»

*Адамдардың көбі қадір-қасиетін біле бермей-
тін екі нығмет — денсаулық пен бос уақыт.*

(Бухари)






«يَتَّبِعُ الْمَيِّتَ ثَلَاثَةٌ: أَهْلُهُ وَمَالُهُ وَعَمَلُهُ، فَيَرْجِعُ اِثْنَانِ
وَيَبْقَى وَاحِدٌ، يَرْجِعُ أَهْلُهُ وَمَالُهُ وَيَبْقَى عَمَلُهُ»

Қабірге дейін мәйіттің соңынан үш нәрсе еріп барады: Жақындары, дүние-мүлкі және амалы. Бұлардың екеуі кері қайтып, біреуі онымен бірге қалады. Жақындары мен дүние-мүлкі оны тастап кері қайтады да, амалы онымен бірге қалады.

(Бухари; Муслим)






«أَعْذَرَ اللَّهُ إِلَىٰ أَمْرِي أَخَّرَ أَجَلُهُ حَتَّىٰ بَلَغَ سِتِّينَ سَنَةً»

Аллаһ тағала алтыс жас ғұмыр берген
құлының ешбір сылтауына құлақ аспайды*.

(Бухари)

* Яғни, пайғамбар жасына келгенше құлшылық жасамаған адамның Аллаһтың алдына барғанда: “Тағы да біраз өмір сүрсем, құлшылық жасар едім” – деген сылтауы қабылданбайды.





АЗ ДА БОЛСА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ САУАПТЫЛЫҒЫ




«لَا تَحْقِرَنَّ مِنَ الْمَعْرُوفِ شَيْئًا وَلَوْ أَنَّ تَلْقَى أَخَاكَ بِوَجْهِ

طَلِيقٍ»

*Мұсылман бауырыңды күлімсіреп жарқын
жүзбен қарсы алатыныңдай аз да болса,
жақсылық атаулының ешбірін азырқанушы
болма.*

(Муслим)






«الْإِيمَانُ بِضْعٌ وَسَبْعُونَ أَوْ بِضْعٌ وَسِتُّونَ شُعْبَةً: فَأَفْضَلُهَا
قَوْلُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَدْنَاهَا إِمَاطَةُ الْأَذَى عَنِ الطَّرِيقِ،
وَالْحَيَاءُ شُعْبَةٌ مِنَ الْإِيمَانِ»

Иман жетпістен (немесе алпыстан) астам тармақтан тұрады. Ең абзалы – “лә иләһә илла Аллаһу”^{} – деп айту. Ең төменгі дәрежесі болса, жол үстіндегі адамдарға кедергі келтіретін нәрселерді алып тастау. Сондай-ақ, ар-ұят та иманның бір тармағы.*

(Бухари; Муслим)

^{*} Аллаһтан басқа тәңір жоқ.






«فَلَا يَغْرِسُ الْمُسْلِمُ غَرْسًا فَيَأْكُلَ مِنْهُ إِنْسَانٌ وَلَا دَابَّةٌ وَلَا
طَيْرٌ إِلَّا كَانَ لَهُ صَدَقَةٌ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ»

*Мұсылман адам отырғызған ағаштың жемісі-
нен адамдар, жан-жануарлар немесе құстар
жеген сайын қиямет қайымға дейін әлгі
мұсылманға садақа есебінде сауап жазылып
тұрады.*

(Муслим)






«اتَّقُوا النَّارَ وَلَوْ بِشِقِّ تَمْرَةٍ»

*Жарты құрмамен болса да, (садақа беру
арқылы) тозақ отынан сақтаныңдар.*

(Бухари; Муслим)






БІР ІСКЕ СЕБЕПШІ БОЛУ – СОНЫ ЖАСАҒАНМЕН ТЕҢ



«مَنْ دَلَّ عَلَى خَيْرٍ فَلَهُ مِثْلُ أَجْرِ فَاعِلِهِ»

*Кімде-кім бір игі істі бастап өзгеге үлгі болса,
өзінен кейін сол істі істегеннің сауабындай са-
уап алады.*

(Муслим)






«لَيْسَ مِنْ نَفْسٍ تُقْتَلُ ظُلْمًا إِلَّا كَانَ عَلَى ابْنِ آدَمَ الْأَوَّلِ
كَفْلٌ مِنْ دِمِّهَا لِأَنَّهُ كَانَ أَوَّلَ مَنْ سَنَّ الْقَتْلَ»

Жазықсыздан-жазықсыз өлтірілген әрбір жанның қанындағы күнәдан Адам атаның тұңғыш ұлы Қабылдың да алар үлесі бар. Өйткені ол нақақтан-нақақ кісі өлтіруге ең алғаш болып жол ашқан еді.

(Бухари; Муслим)






ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҮНДЕП, ЖАМАНДЫҚТАН ТЫЮ



«لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّى يُحِبَّ لِأَخِيهِ مَا يُحِبُّ لِنَفْسِهِ»

Араларыңнан ешқайсысың өзіне қалағанын
мұсылман бауырына да тілемейінше толық
иман еткен болып саналмайды.

(Бухари; Муслим)






«مَنْ رَأَى مِنْكُمْ مُنْكَرًا فَلْيُغَيِّرْهُ بِيَدِهِ، فَإِنْ لَمْ يَسْتَطِعْ فَبِلِسَانِهِ،
فَإِنْ لَمْ يَسْتَطِعْ فَبِقَلْبِهِ وَذَلِكَ أَضْعَفُ الْإِيمَانِ»

Араларыңнан әлдекім қандай да бір жаман қылық көрсе, оны қолымен дұрыстасын. Егер оған шамасы келмесе, тілімен түзетсін. Тілімен де дұрыстай алмаса, жүрегімен дұрыстауға тырыссын (яғни, сол жағымсыз істі жүрегімен жазғырсын). Бұл – иманның ең әлсізі*.

(Муслим)

* Яғни, жаман істі көріп тұрып, содан ең жиіренбеген адамның иманы жоқпен тең.





ПАЙҒАМБАР ЖОЛЫ – ОРТА ЖОЛ



«أَنَّهُ مَنْ يَعِشْ مِنْكُمْ فَسِيرْ بِإِخْتِلَافٍ كَثِيرًا فَعَلَيْكُمْ بِسُنَّتِي
وَسُنَّةِ الْخُلَفَاءِ الرَّاشِدِينَ الْمَهْدِيِّينَ عَضُوا عَلَيْهَا بِالنَّوَاجِذِ،
وَإِيَّاكُمْ وَمُحَدَّثَاتِ الْأُمُورِ فَإِنَّ كُلَّ بَدْعَةٍ ضَلَالَةٌ»

Менен кейін өмір сүретіндер (мұсылмандар арасындағы) талай алауыздық пен араздыққа куә болады. Сол кезде менің және тура жолда болған әділ халифалардың жолын таңдап, тістеріңмен, жабысып, одан айрылмаңдар. Сондай-ақ, дінге кейін енгізілген жаңалықтардан сақ болыңдар. Расында дінге енгізілген әрбір жаңалық ап-анық адасушылық.

(Әбу Дәууд; Тирмизи)






«مَنْ أَحْدَثَ فِي أَمْرِنَا هَذَا مَا لَيْسَ مِنْهُ فَهُوَ رَدٌّ»

Кімде-кім осы ісімізге оның негізімен ұштаспайтын қандай да бір жаңалық енгізетін болса, онысы қабылданбайды.*

(Бухари; Муслим)

* Яғни, дінімізге.






«إِنَّ الدِّينَ يُسْرٌ، وَلَنْ يُشَادَّ الدِّينُ إِلَّا غَلَبَهُ فَسَدِّدُوا وَقَارِبُوا
وَأَبْشِرُوا»

Шүбәсіз, бұл дін — жеңіл дін. Адам баласы қанша жерден шамасынан тыс құлшылық жасаймын деп, дінде тыраштанса да, бәрібір дін әрқашан одан үстем болады. Ендеше әрбір істе (әсірелік пен селқостықтан ұзақ) тура әрі орта жолды ұстаныңдар. Әр істі кемеліне жеткізе орындаңдар, егер бұған шамаларың жетпесе, мейілінше тиянақты істеуге тырысыңдар. Солай істейтін болсаңдар, қуана беріңдер.

(Бухари)






«مَثَلِي وَمَثَلُكُمْ كَمَثَلِ رَجُلٍ أَوْقَدَ نَارًا فَجَعَلَ الْجَنَادُ بَ
وَالْفَرَاشُ يَقَعْنَ فِيهَا وَهُوَ يَذُبُّهُنَّ عَنْهَا وَأَنَا آخِذٌ بِحُجَزِكُمْ
عَنِ النَّارِ، وَأَنْتُمْ تَقْلَتُونَ مِنْ يَدَيَّ»

Мені мен сендердің жағдайларың: Бейне бір от жаққан адам мен ұшып келіп өзін-өзі отқа тастап жатқан шегірткелер мен пәруаналардың жағдайы тәрізді. Әлгі адам қанша жерден жанталасып, қалқалап-қақпайлауға тырысса да, олар бой бермей лаулаған отқа түсіп жатады. Сол секілді мен де сендерді тозақ отынан аман алып қалу үшін жанталасып, ұстап қалуға тырысамын. Ал сендер болсаңдар, қолымнан шығып кете бересіңдер.

(Муслим)






МҰСЫЛМАН – МҰСЫЛМАННЫҢ БАУЫРЫ



«الْمُسْلِمُ أَخُو الْمُسْلِمِ لَا يَظْلِمُهُ وَلَا يُسْلِمُهُ، مَنْ كَانَ فِي
حَاجَةٍ أَخِيهِ كَانَ اللَّهُ فِي حَاجَتِهِ، وَمَنْ فَرَّجَ عَنْ مُسْلِمٍ كُرْبَةً
فَرَّجَ اللَّهُ عَنْهُ بِهَا كُرْبَةً مِنْ كُرْبِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ، وَمَنْ سَتَرَ
مُسْلِمًا سَتَرَهُ اللَّهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ»

Мұсылман – мұсылманның бауыры. Нағыз мұсылман, бауырына озбырлық жасамайды және оны сатпайды. Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Аллаһ тағала да оның қажетін өтейді. Кімде-кім мұсылман бауырының қайғы-мұңын сейілтсе, Аллаһ тағала оны қиямет-қайымның бір қайғысынан құтқарады. Сондай-ақ, кімде-кім мұсылманның айыбын жасырса, Аллаһ тағала да қиямет күні оның айыбын жасырады.

(Бухари; Муслим)






«الْمُسْلِمُ أَخُو الْمُسْلِمِ لَا يَخُونُهُ وَلَا يَكْذِبُهُ وَلَا يَخْذُلُهُ، كُلُّ
الْمُسْلِمِ عَلَى الْمُسْلِمِ حَرَامٌ عَرَضُهُ وَمَالُهُ وَدَمُهُ»

Мұсылман – мұсылманның бауыры. Шынайы мұсылман бауырына опасыздық жасамайды, өтірік айтып алдамайды және тарыққанда қолдаусыз қалдырмайды. Мұсылманның ар-намысы, дүние-мүлкі және қаны өзге мұсылмандарға харам*.

(Тирмизи)

* Яғни, мұсылман адам өзге мұсылманның ар-намысын тартып, дүние-мүлкіне қол сұғып, қанын төге алмайды.






«مَنْ نَفَسَ عَنْ مُؤْمِنٍ كُرْبَةً مِنْ كُرْبِ الدُّنْيَا، نَفَسَ اللَّهُ عَنْهُ
كُرْبَةً مِنْ كُرْبِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ، وَمَنْ يَسَّرَ عَلَى مُعْسِرٍ يَسَّرَ اللَّهُ
عَلَيْهِ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ، وَاللَّهُ فِي عَوْنِ الْعَبْدِ مَا كَانَ الْعَبْدُ فِي
عَوْنِ أَخِيهِ»

Кімде-кім мүмін бауырының осы дүниедегі бір уайым-қайғыдан құтылуына себепкер болса, Аллаһ тағала оны қиямет қайымның қайғы-мұңдарының бірінен құтқарады. Кімде-кім қарызданып қысылған адамға түсіністікпен қарап, ісін жеңілдетсе, Аллаһ тағала оның ісін екі дүниеде де жеңілдетеді. Сондай-ақ, Аллаһтың құлы мұсылман бауырына жәрдем етуін тоқтатпайынша, Аллаһ тағала да оған жәрдем етуін жалғастыра береді.*

(Муслим)

* Яғни, қарызын кешіп немесе асықпай күтсе.






«حَقُّ الْمُسْلِمِ عَلَى الْمُسْلِمِ خَمْسٌ: رَدُّ السَّلَامِ، وَعِيَادَةُ
الْمَرِيضِ، وَاتِّبَاعُ الْجَنَائِزِ، وَإِجَابَةُ الدَّعْوَةِ، وَتَشْمِيتُ
الْعَاطِسِ»

Мұсылманның діндес бауырының алдында бес міндеті бар: Сәлемдесу, науқастың көңілін сұрау, жаназаға қатысу, шақырған жерден қалмау және түшкіргенге “ярһамука Аллаһу”^{} деп айту.*

(Бухари; Муслим)

^{*} Аллаһ сені рақымына бөлесін.






«بِحَسْبِ امْرِئٍ مِنَ الشَّرِّ أَنْ يَحْقِرَ أَخَاهُ الْمُسْلِمَ»

Мұсылман үшін мұсылман бауырын өзінен
төмен санап, менсінбеуден өткен жамандық*
жоқ.

(Тирмизи)

* Яғни, жаман мінез немесе қылық.






ҚИЯНАТ ПЕН ЗҰЛЫМДЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ



«اتَّقُوا الظُّلْمَ فَإِنَّ الظُّلْمَ ظُلُمَاتٌ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، وَاتَّقُوا الشُّحَّ
فَإِنَّ الشُّحَّ أَهْلَكَ مَنْ كَانَ قَبْلَكُمْ حَمَلَهُمْ عَلَى أَنْ سَفَكُوا
دِمَاءَهُمْ وَاسْتَحْلَوْا مَحَارِمَهُمْ»

Біреуге зұлымдық жасаудан сақтаныңдар!
Шын мәнінде, зұлымдық — қиямет күні
(қаскүнем үшін) тастай қара түнекке ай-
налады. Сараңдықтан да бойларыңды аулақ
ұстаңдар! Расында, сараңдық — сендерге дейін-
гі қауымдардың түбіне жеткен-тін. Олар
сараңдықтың салдарынан бір-бірінің қанын
төгіп, (зинақорлық және өсімқорлық секілді)
өздеріне харам етілген күнә істерді адал деп
есептеуге дейін барды.

(Муслим)






«مَنْ ظَلَمَ قَيْدَ شِبْرٍ مِنَ الْأَرْضِ طَوَّقَهُ مِنْ
سَبْعِ أَرْضِينَ»

*Кімде-кім біреуге тиесілі бір сүйем жерді
озбырлықпен иемденіп алса, қиямет күні сол
жердің жеті қаты бірдей оның мойнына ора-
лады.*

(Бухари; Муслим)






«آيَةُ الْمُنَافِقِ ثَلَاثٌ: إِذَا حَدَّثَ كَذَبَ وَإِذَا وَعَدَ أَخْلَفَ وَإِذَا
أُؤْتِمِنَ خَانَ»

*Екі жүзді адамның үш белгісі бар: Сөйлегенде
өтірік айтады, уәде берсе, орындамайды және
аманатқа қиянат жасайды.*

(Бухари; Муслим)






«الْمُسْلِمُ مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَيَدِهِ، وَالْمُهَاجِرُ مَنْ هَجَرَ مَا نَهَى اللَّهُ عَنْهُ»

Шынайы мұсылман – тілімен және қолымен өзге мұсылман бауырларына зиянын тигізбеген адам. Ал нағыз муһажыр – Аллаһ тағаланың тыйым салғандарын түгелдей тәрк еткен адам.*

(Муслим)

* Муһажыр – араб тілінде тәрк етуші, қоныс аударушы дегенді білдіреді. Ал терминдік тұрғыдан алғанда Меккеден Мәдинаға қоныс аударған алғашқы мұсылман сахабалардың атауы. Хадистегі мағынасы – Аллаһтың тыйғандарынан толығымен тыйылған адам.






ӘЛСІЗДІҢ ЖОҚТАУШЫСЫ – БІР АЛЛАҢ



«أَلَا أُخْبِرُكُمْ بِأَهْلِ الْجَنَّةِ؟ كُلُّ ضَعِيفٍ مُتَضَعِّفٍ لَوْ أَقْسَمَ
عَلَى اللَّهِ لِأَبْرَهُ، أَلَا أُخْبِرُكُمْ بِأَهْلِ النَّارِ؟ كُلُّ عُتْلٍ جَوَاطٍ
مُسْتَكْبِرٍ»

Сендерге кімдердің жұмаққа баратынын айтайын ба? Өзі әлжуаз әрі елеусіз болса да, Аллаһтың атымен ант етсе, ішкен антын Аллаһ тағала жалғанға шығармайтын әрбір адам жұмаққа барады. Сондай-ақ, кімдердің тозаққа кіретінін айтайын ба? Әрбір озбыр, дөрекі, сараң және тәкаппар адам тозаққа кіреді.

(Мұслим)






«إِنَّمَا تُنصِرُونَ وَتُرْزَقُونَ بِضِعْفَائِكُمْ»

Шындығында Аллаһтың сендерге деген жәрдемі мен ризығы іштеріңдегі әлсіз жандардың құрметі үшін берілуде.

(Әбу Дәууд)





ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ




«لَيْسَ مِنَّا مَنْ لَمْ يَرْحَمْ صَغِيرَنَا وَيَعْرِفْ شَرَفَ كَبِيرِنَا»

*Кішілерімізге мейірімділік танытпаған және
үлкендерімізді құрметтемеген бізден емес.**

(Әбу Дәууд; Тирмизи)

* Яғни, мұсылман үмбетінен емес.






«الْكَبَائِرُ: الْإِشْرَاكُ بِاللَّهِ، وَعُقُوقُ الْوَالِدَيْنِ، وَقَتْلُ النَّفْسِ،
وَالْيَمِينُ الْغَمُوسُ»

*Аллаһқа серік қосу, ата-анаға бағынбау,
нақақтан кісі өлтіру және жалған ант ішу
үлкен күнә.*

(Бухари)






ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



«كُلُّكُمْ رَاعٍ وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، وَالْأَمِيرُ رَاعٍ
وَالرَّجُلُ رَاعٍ عَلَى أَهْلِ بَيْتِهِ وَالْمَرْأَةُ رَاعِيَةٌ عَلَى بَيْتِ زَوْجِهَا
وَوَلَدِهِ، فَكُلُّكُمْ رَاعٍ وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ»

Барлығың да бақташы секілдісіңдер және барлықтарың қол астыларыңдағылар үшін жауап бересіңдер. Басшы – бақташы. Ер адам отбасының бақташысы. Әйел ерінің шаңырағы мен балаларының бақташысы. Қысқасы, әрбірің бақташы секілдісіңдер және өздеріңе бағынышты жандар үшін жауап бересіңдер.

(Бухари; Муслим)






« أَكْمَلُ الْمُؤْمِنِينَ إِيمَانًا أَحْسَنُهُمْ خُلُقًا، وَخَيْرُكُمْ خَيْرُكُمْ
لِنِسَائِهِمْ »

Иман тұрғысынан мүміндердің ең кәмілі
— мінез-құлқы ең жақсы болғандар. Ең
жақсыларың — әйелдерімен жақсы қарым-
қатынаста болғандарың.

(Тирмизи)






«كَفَى بِالْمَرْءِ إِثْمًا أَنْ يُضَيِّعَ مَنْ يِقُوتُ»

Ер адам қолына қарап отырған әйелі мен бала-шағасын аш-жалаңаш етіп нәпақасыз қалдырса, соның өзі күнә ретінде оның бір басына жеткілікті болады.

(Әбу Дәууд)






«لَا تُؤْذِي امْرَأَةً زَوْجَهَا فِي الدُّنْيَا إِلَّا قَالَتْ زَوْجَتُهُ مِنْ
الْحُورِ الْعَيْنِ: لَا تُؤْذِيهِ قَاتِلِكَ اللَّهُ فَإِنَّمَا هُوَ عِنْدَكَ دَخِيلٌ
يُوشِكُ أَنْ يُفَارِقَكَ إِلَيْنَا»

Егер осы дүниеде әйелі күйеуін орынсыз азапқа салып мазасын алса, жаннатта күйеуінің жұбайы болатын қор қыздарының бірі: “Аллаһ жазаңды берсін! Оны ренжітпе! Ол жақында сенімен қош айтысып бізбен қауышатын қасында уақытша ғана жүрген қонағың ғой” — деп айтады.

(Тирмизи)






КӨРШІ АҚЫСЫ ЖӘНЕ ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



«مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ، فَلْيُحْسِنِ إِلَى جَارِهِ،
وَمَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُكْرِمْ ضَيْفَهُ، وَمَنْ كَانَ
يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيَقُلْ خَيْرًا أَوْ لِيَسْكُتْ»

Кімде-кім Аллаһқа және ақыретке сенсе, көршісіне жақсылық жасасын. Кімде-кім Аллаһқа және ақыретке сенсе, қонағына жылы шырай танытып, құрмет көрсетсін. Сондай-ақ, кімде-кім Аллаһқа және ақырет күніне иланатын болса, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін.

(Муслим)






«يَا نِسَاءَ الْمُسْلِمَاتِ لَا تَحْقِرَنَّ جَارَةً لِجَارَتِهَا وَلَوْ
فِرْسَنَ شَاةٍ»

*Уа, мұсылман әйелдер! Көрші әйел құдайы
көршісіне қойдың қу сирағын берсе де, жақ-
сылық жасаудың ешбір түрін азырқанбасын.*

(Бухари; Муслим)






«لَيْسَ الْوَاصِلُ بِالْمُكَافِيءِ وَلَكِنَّ الْوَاصِلَ الَّذِي إِذَا
قَطَعْتَ رَحْمَهُ وَصَلَهَا»

*Туыстық қатынасты шынайы берік ұстан-
ған адам – жақыны көрсеткен туыстықтың
қарымын дәл солай қайтарушы емес. Керісін-
ше, туыстары арадағы қатынасты үзсе
де, олармен қатынасына сызат түсірмеген
жан.*

(Бухари)





ДОСТЫҚ ПЕН ӨЗАРА СҮЙІСПЕНШІЛІК




«الرَّجُلُ عَلَى دِينِ خَلِيلِهِ، فَلْيَنْظُرْ أَحَدُكُمْ مَنْ يُخَالِلُ»

Адам баласы досының дінінде болады.
Сондықтан да, әрқайсысың кіммен дос болып
жүргеніне мұқият қарасын.*

(Әбу Дәууд; Тирмизи)

* Яғни, досы қандай болса, өзі де сондай болады.






«وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَا تَدْخُلُوا الْجَنَّةَ حَتَّى تُؤْمِنُوا، وَلَا
تُؤْمِنُوا حَتَّى تَحَابُّوا، أَوَلَا أَدُلُّكُمْ عَلَى شَيْءٍ إِذَا فَعَلْتُمْوهُ
تَحَابَبْتُمْ؟ أَفَشُوا السَّلَامَ بَيْنَكُمْ»

*Жаным қолында болған Аллаһтың аты-
мен ант етейін! Сендер толық иман кел-
тірмейінше, жұмаққа кіре алмайсыңдар. Ал
өзара сүйіспеншілікте болмайынша, толық
иманға келмейсіңдер. Ендеше, араларыңда
сүйіспеншілік тудыратын істі айтайын ба?
Өзара сәлемдесіп, амандық сұрасуды кеңінен
жайыңдар.*

(Муслим)






«ثَلَاثٌ مَنْ كُنَّ فِيهِ وَجَدَ بِهِنَّ حَلَاوَةَ الْإِيمَانِ: أَنْ يَكُونَ اللَّهُ
وَرَسُولُهُ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِمَّا سِوَاهُمَا، وَأَنْ يُحِبَّ الْمَرْءَ لَا يُحِبُّهُ
إِلَّا لِلَّهِ، وَأَنْ يَكْرَهُ أَنْ يَعُودَ فِي الْكُفْرِ بَعْدَ أَنْ أَنْقَذَهُ اللَّهُ مِنْهُ
كَمَا يَكْرَهُ أَنْ يُقَذَّفَ فِي النَّارِ»

Мына үш қасиетті бойына бірдей жиган адам шынайы иманның дәмін татады: Аллаһты және оның елшісін бәрінен де артық жақсы көру; Біреуді жақсы көрсе, тек қана Аллаһ разылығы үшін жақсы көру; Аллаһ тағала күпірліктен құтқарған соң, қайтадан сол күпірлікке қайтып оралудан отқа түскеннен бетер жаны түршігіп, аза бойы қаза болатын адам.

(Бухари; Муслим)






АЛЛАҒТЫҢ МЕЙІРІМІ АШУЫНАН БАСЫМ



«لَمَّا خَلَقَ اللَّهُ الْخَلْقَ كَتَبَ فِي كِتَابٍ فَهُوَ عِنْدَهُ فَوْقَ
الْعَرْشِ: إِنَّ رَحْمَتِي تَغْلِبُ غَضَبِي»

Аллаһ тағала бүкіл жаратылысты жаратқан соң Арштың үстіндегі кітабына: “Расында Менің мейірімім ашуымнан басым түседі” – деп жазды.

(Бухари; Муслим)






«يُدْنِي الْمُؤْمِنُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مِنْ رَبِّهِ حَتَّى يَضَعَ كَفَّهُ عَلَيْهِ،
فَيَقْرَرُهُ بِذُنُوبِهِ، فَيَقُولُ: أَتَعْرِفُ ذَنْبَ كَذَا؟ أَتَعْرِفُ ذَنْبَ كَذَا؟
فَيَقُولُ: رَبِّ أَعْرِفْ، قَالَ: فَإِنِّي قَدْ سَتَرْتُهَا عَلَيْكَ فِي الدُّنْيَا،
وَأَنَا أَغْفِرُهَا لَكَ الْيَوْمَ، فَيُعْطَى صَحِيفَةً حَسَنَاتِهِ»

Қиямет күні мұміннің Раббысына жақын болатындығы соншалық, Аллаһ тағала оны мейіріміне бөлеп, жасаған күнәларын түгелдей мойындатады. Хақ тағала оған: “Мына күнәңді білесің бе? Ал мына күнәң есіңде ме?”, – дегенде ол: “Уа, Раббым, білемін” – деп жауап береді. Сонда Сәттар* Аллаһ оған: “Мен бұл күнәларыңды дүниеде жасырған едім. Ал бүгін оларды түгелдей кешіремін”, – деп айтады. Сосын оған жақсылықтары жазылған амал дәптері беріледі.

(Бухари, Муслим)

* Құлдарының айыптарын жасырушы.






ӨМІРДІҢ ЕСЕБІН АЛЛАҒТЫҢ ӨЗІ АЛАДЫ



«لَا تَزُولُ قَدَمًا عَبْدٍ حَتَّى يُسْأَلَ عَنْ عُمْرِهِ فِيمَ أَفْنَاهُ، وَعَنْ
عِلْمِهِ فِيمَ فَعَلَ فِيهِ، وَعَنْ مَالِهِ مِنْ أَيْنَ اكْتَسَبَهُ، وَفِيمَ أَنْفَقَهُ،
وَعَنْ جِسْمِهِ فِيمَ أَبْلَاهُ»

Қиямет күні Аллаһтың алдына барғанда, бір де бір құл өзінің өмірін қалай өткізгендігі, алған білімін қалай қолданғандығы, дүние-мүлкін қандай жолдармен тауып, қай жолда сарп еткендігі және тәнін қайда жүріп тоздырғандығы жайлы есеп бермейінше бір адым алға жылжи алмайды.

(Тирмизи)






«عُرِضْتُ عَلَى الْجَنَّةِ وَالنَّارِ، فَلَمْ أَرَ كَالْيَوْمِ فِي الْخَيْرِ وَالشَّرِّ،
وَلَوْ تَعْلَمُونَ مَا أَعْلَمُ لَضَحِكْتُمْ قَلِيلًا وَلَبْكَيْتُمْ كَثِيرًا»

Аллаһ тағала маған жаннат пен тозақты көрсетті. Сол күнгідей жақсылық пен жамандық атаулыны бұрын-соңды көрмедім. Егер менің көріп-білгендерімді білсеңдер, аз күліп, көп жылар едіңдер.

(Муслим)





ДҮНИЕНІҢ ФӘНИЛІГІ




«إِنَّ الدُّنْيَا حُلُوَّةٌ خَاضِرَةٌ وَإِنَّ اللَّهَ مُسْتَخْلِفُكُمْ فِيهَا فَيَنْظُرُ
كَيْفَ تَعْمَلُونَ. فَاتَّقُوا الدُّنْيَا وَاتَّقُوا النَّسَاءَ»

Расында, бұл дүние өте тәтті әрі көздің жауын алатындай көкорай шалғын. Расында, Аллаһ тағала сендерді Өзінің осы дүниедегі өкілі етіп тағайындап, әрі не істеп, не қойып жатқандарыңды бақылауда. Сондықтан да, жалған дүние мен әйел қауымынан** сақ болыңдар!*

(Муслим)

* Яғни, аса тартымды.

** Яғни, олардың арбап-азғыруынан.





«انْظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ أَسْفَلَ مِنْكُمْ وَلَا تَنْظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ
فَوْقَكُمْ فَهُوَ أَجْدَرُ أَنْ لَا تَزْدَرُوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ»

Фәни дүниенің мүмкіндіктері* тұрғысынан
өздеріңнен үстем болып, жоғары тұрғандарға
емес, төмен тұрғандарға көз салыңдар.
Өйткені бұл – сендерді Аллаһтың берген
нығметтерін азырқанып, қанағат тұтпаудан
сақтайды.

(Муслим)

* Денсаулық, байлық, атақ-даңқ, шен-шекпен, білім және т.б.






«كُنْ فِي الدُّنْيَا كَأَنَّكَ غَرِيبٌ أَوْ عَابِرُ سَبِيلٍ»

*Бұл дүниеде, жат жерде уақытша ғана жүрген
адам немесе жолаушы сияқты болғын.*

(Ибн Мәжә)






«لَوْ كَانَتِ الدُّنْيَا تَعْدِلُ عِنْدَ اللَّهِ جَنَاحَ بُعُوضَةٍ، مَا سَقَى
كَافِرًا مِنْهَا شَرْبَةَ مَاءٍ»

*Егер Аллаһ үшін бұл дүниенің шыбынның
қанатындай қадірі болса, кәпірге тіпті, бір
жұтым су да таттырмас еді.*

(Тирмизи)






«مَا ذُبَّانٍ جَائِعَانِ أُرْسِلَا فِي غَنَمٍ بِأَفْسَدَ لَهَا مِنْ
حِرْصِ الْمَرْءِ عَلَى الْمَالِ وَالشَّرَفِ لِدِينِهِ»

Дүниеқұмар және мансапқұмар адамның
дініне келтіретін зияны, қойға шапқан қос
қасқырдың тигізген кесірінен әлдеқайда
қауіпті болады.

(Тирмизи)






ӨЗГЕДЕН ТІЛЕНБЕЙ БАРҒА ҚАНАҒАТ ЕТУ



«قَدْ أَفْلَحَ مَنْ أَسْلَمَ وَكَانَ رِزْقُهُ كَفَافًا وَقَنَعَهُ اللَّهُ بِمَا آتَاهُ»

Мұсылман болған һәм өзіне жететіндей ризық берілген және Аллаһтың қалауымен өзінің ризық-несібесіне қанағат қылған адам сөзсіз жетістікке жетеді.

(Муслим)






«مَا مَلَأَ آدَمِيَّ وَعَاءَ شَرًّا مِنْ بَطْنِهِ، بِحَسْبِ ابْنِ آدَمَ أَكْلَاتٌ
يَقْمَنَ صُلْبَهُ، فَإِنْ كَانَ لَا مَحَالَةَ فَثُلْثَ لَطْعَامِهِ وَثُلْثَ لَشْرَابِهِ
وَثُلْثَ لِنَفْسِهِ»

Адам баласы еш уақытта өзінің қарны секіл-
ді жаман ыдысты лықа толтырған емес.
Әсілінде, адамға әлденіп алу үшін аз ғана
тағам жеткілікті. Ал, егер міндетті түрде
ішіп-жегісі келсе, асқазанының үштен бірін
тамаққа, үштен бірін сусынға толтырсын.
Қалған үштен бір бөлігін еркін тыныстау үшін
бос қалдырсын.

(Тирмизи)






«لَيْسَ الْغِنَى عَنْ كَثْرَةِ الْعَرَضِ، وَلَكِنَّ الْغِنَى غِنَى النَّفْسِ»

*Нағыз байлық – дүниенің ағыл-тегіл көптігі емес. Нағыз байлық – жан сарайының байлығы.**

(Бухари; Муслим)

* Яғни, барға қанағат ету.






«إِنَّ هَذَا الْمَالَ خَضِرٌ حُلُوٌّ، فَمَنْ أَخَذَهُ بِسَخَاوَةٍ نَفْسٍ بُورِكَ لَهُ فِيهِ، وَمَنْ أَخَذَهُ بِإِشْرَافٍ نَفْسٍ لَمْ يُبَارَكْ لَهُ فِيهِ، وَكَانَ كَالَّذِي يَأْكُلُ وَلَا يَشْبَعُ»

Бұл дүние-мүлік дегенің (құдды пісіп тұрған жемістей) көздің құрты Һәм тым тәтті. Кімде-кім дүниеге құнықпай, оны кеңпейілдікпен тапса, берекелі болады. Ал, кімде-кім оның соңына түсіп, ашкөздікпен олжаласа, берекесі қашады. Ондай адамдар қанша жесе де тоймайтын қомағай секілді.

(Бухари; Муслим)






«طَعَامُ الْوَاحِدِ يَكْفِي الْإِثْنَيْنِ وَطَعَامُ الْإِثْنَيْنِ يَكْفِي الْأَرْبَعَةَ
وَطَعَامُ الْأَرْبَعَةِ يَكْفِي الثَّمَانِيَةَ»

*Бір адамның ішіп-жемі екі адамға, екі адамның
ас-ауқаты төрт адамға, ал, төрт адамның
ырзығы болса, сегіз адамға жетеді.*

(Муслим)






«لَا أَنْ يَخْتَطِبَ أَحَدُكُمْ حُزْمَةً عَلَى ظَهْرِهِ خَيْرٌ مِنْ أَنْ يَسْأَلَ
أَحَدًا فَيُعْطِيَهُ أَوْ يَمْنَعَهُ»

*Расында, қайсыбіріңнің болмасын бір құшақ
отын шауып, соны сатып күн көруі – беруі де,
бермеуі де мүмкін болған біреуден қол жайып
қайыр-садақа тілегеннен әлдеқайда қайырлы.*

(Бухари; Муслим)






«مَا أَكَلَ أَحَدٌ طَعَامًا خَيْرًا مِنْ أَنْ يَأْكُلَ مِنْ عَمَلٍ يَدِهِ، وَإِنَّ
نَبِيَّ اللَّهِ دَاوُدَ عليه السلام كَانَ يَأْكُلُ مِنْ عَمَلٍ يَدِهِ»

*Ешкім де табан ақы, маңдай терімен тапқан
тағамынан қайырлы ас ішкен емес. Шынында,
Аллаһтың пайғамбары Дәуіт (ғ.с.) ризығын, өз
еңбегімен табатын еді.*

(Бухари)





ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ – ЖАННАТ ЖОЛЫ



«مَنْ سَلَكَ طَرِيقًا يَلْتَمِسُ فِيهِ عِلْمًا سَهَّلَ اللَّهُ لَهُ بِهِ طَرِيقًا
إِلَى الْجَنَّةِ. وَمَا اجْتَمَعَ قَوْمٌ فِي بَيْتٍ مِنْ بُيُوتِ اللَّهِ تَعَالَى،
يَتْلُونَ كِتَابَ اللَّهِ، وَيَتَدَارَسُونَهُ بَيْنَهُمْ إِلَّا نَزَلَتْ عَلَيْهِمْ
السَّكِينَةُ، وَعَشِيَتْهُمْ الرَّحْمَةُ، وَحَفَّتْهُمُ الْمَلَائِكَةُ، وَذَكَرَهُمُ
اللَّهُ فِيمَنْ عِنْدَهُ.»

Кімде-кім ғылым жолына түссе, Аллаһ тағала оған жұмаққа барар жолды жеңілдетеді. Аллаһтың үйлерінің бірінде бас қосып, Құран оқып әрі оны өзара талқылап түсінуге тырысқан қауым жан тыныштығы мен Раббыларының шексіз мейіріміне бөленіп, періштелердің қорғауында болады. Сондай-ақ, Аллаһ тағала құзырындағыларға оларды мақтайды.

(Муслим)






«لَا حَسَدَ إِلَّا فِي اثْنَتَيْنِ: رَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ الْقُرْآنَ، فَهُوَ
يَقُومُ بِهِ آنَاءَ اللَّيْلِ وَآنَاءَ النَّهَارِ. وَرَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ مَالًا
فَهُوَ يُنْفِقُهُ آنَاءَ اللَّيْلِ وَآنَاءَ النَّهَارِ»

*Екі түрлі адамға ғана қызғанышпен қарауға
болады: Аллаһ тағаланың қалауымен Құранды
толық меңгерген соң, оны күндіз-түні оқып әрі
оқығанына амал еткен ғалымға. Сондай-ақ,
Аллаһтың берген байлығын күн-түн демей игі
жолға жұмсаған атымтай жомартқа.*

(Бухари; Муслим)





100 ХАДИС

Аударып, құрастырған:

Асқар Болатбекұлы

Редакторы:

Құдайберді Бағашар

Корректоры:

Нұрбек Қайырмұхаммед

Көркемдеуші дизайнерлері:

Бекзат Пулатов

Айнұр Көбесбайқызы

Таралымы 5000 дана

Doglar media group баспаханасында басылды.

